



ЖҰМЫС САПАРЫ

ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ – АУДАН ӘКІМІНІҢ БАҚЫЛАУЫНДА



Кеше аудан әкімі Рамат Смағұлов Булаев қаласында жылыту жүйесі, сумен жабдықтау, жолдар салаларында жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарымен танысып, оның барысында халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған негізгі инфрақұрылымдық жобаларға ерекше назар аударды.

Алдымен аудан басшысы негізгі нысандардың бірі ұзындығы 2,2 шақырым күрделі жөндеу жүргізіліп жатқан НПС кентінің жылу трассасында болды. Бұл жұмыстарға 50 млн теңге бөлінді.

Мердігер - «Интеграл-Север» ЖШС өкілі Болат Нағұманов бөлшектеу жұмыстары 90%-ға аяқталғанын және жаңа құбырларды төсуге дайындық басталғанын хабарлады.

Алдағы жылыту маусымында үздіксіз жылумен қамтамасыз ету үшін барлық жұмыстарды ағымдағы айдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

«Булаев Су» ЖШС қызмет көрсететін НПС кентінің орталық қазандығы 2024 жылы ауыстырылып, мұнда «Қостанай қазандық

зауыты» ЖШС өндіретін жаңа блоктық-модульдік қазандық орнатылған болатын, бұл нысан жұмысының тиімділігін едәуір арттырды.

Сонымен қатар, бұл күні аудан әкімі Булаев қаласындағы Чехов көшесін жөндеу барысымен және халықты тұрақты сумен жабдықтау мәселесін шешуге мүмкіндік беретін автоматты сорғы станциясының құрылысымен танысты.

Аудан әкімі Рахат Смағұлов жауапты тұлғаларға барлық жобалар белгіленген мерзімде және жоғары деңгейде орындалуы үшін жұмыстардың сапасын және мерзімдердің сақталуын қатаң бақылауды тапсырды.

«ЖАСТАР» ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИАДАСЫ

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ – ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗЫ



Тамыз айының 7-9-ы аралығында Булаев қаласында «Жастар» облыстық спартакиадасы белен өтті. Дубірлі дедіге өңірліміздің 13 ауданынан келген 325 спортшы қатысты. Эрикс күрес, грек-рим күресі, тағын футбол, жазатай өкпейбел және жеңіл атлетика бөлімдері «Жастар» стадионында және Батыр Баия атындағы спорт кешенінде өткізілді. 7-8 тамыз күндері әр спорт түрі бойынша іріктеу мен төртінші кезектер өтсе, 9 тамыз күні ақтық сынға шыққандар медальдарын сарғиға салды.

8 тамыз күні кешке «Жастар» стадионында облыстық спартакиаданың ашылу салтанаты ұйымдастырылып, ол жоғары деңгейде өтті. Ерекше өткен спорт шарасын өз көзімен көруге келген мажандықтар стадион трибунасын лық толтырып, жарыс қатысушыларына айрықша қолдау көрсетті.

Ауданның спорт ардагерлері, жат-

тықтырушылар мен жас спортшылары қатысқан шараға облыс әкімі аппаратының басшысы Руслан Әлішев арнайы келіп, жарыс қатысушыларына сәттілік тіледі. Ол өзінің құттықтау сөзінде әкімдік тарапынан жастарға ұдайы қолдау көрсетілетінін жеткізді.

Біздің болашағымыз – жастардың қолында. Өскелең ұрпаққа салау-

атты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылданса, қоғамдағы түрлі келеңсіздіктер айтарлықтай азаяды. Бұл – дамудың берік негізі. Спорттың түрлі саласын жанына серік еткен жастар шоғырының көбейіп келе жатқаны қуантады, - деді Руслан Қанатханұлы.

Жалғасы 4-5 беттерде.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ ТУРАЛЫ



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

2025 жылғы 1 шілдеге облыстағы халық саны 518 мың адамды құрады, оның ішінде қалалықтар – 258 мың адам (49,8%), ауылдықтар – 260 мың адам (50,2%).

2025 жылғы қаңтар-маусым ішінде 2254 нәресте туылғаны тіркелді. Туылғандардың ішінде 1199 – ұл бала және 1055 – қыз бала. Жаңа туған балалардың ішінде 940 (41,7%) облыс орталығында туған.

Облыс аудандары арасында ең жоғары туу коэффициенті Уәлиханов ауданында – 14,13 промилле, Ақжар ауданында – 12,33, Шал ақын ауданында – 10,68 промилле тіркелді. Облыс бойынша ең төмен туу көрсеткіші Мамлют ауданында – 6,91, Қызылжар ауданында – 7,79, F.Мүсірепов атындағы ауданда – 8,35 промилле.

2025 жылғы қаңтар-маусымда 2999 адам қайтыс болды. Халықтың негізгі өлім себептері арасында ең үлкен үлес салмақты қан айналымы жүйесінің аурулары (18,4%), жүйке жүйесінің аурулары (18,2%), тыныс алу органдарының аурулары (14,4%), жаңа өскіндер (10,3%), ас қорыту органдарының аурулары (9%), жазатайым оқиғалар, ұлану мен жарақаттану (6%) алады. Өлім-жітім коэффициенті облыс бойынша 11,67 промилле құрады.

Қаралатын кезең ішінде 1309 неке тіркелді. Азаматтық хал актілерін тіркеу органдарының деректері бойынша 738 ажырасу тіркелді.

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросының
СҚО бойынша департаменті.

18 ТАМЫЗ - ШЕКАРАШЫЛАР КҮНІ

БАЙЛАНЫСТЫ
БАПТАЙТЫН
БАРЛАУШЫ

Шекара қызметінің ел қауіпсіздігін сақтауда алатын ерны ерекше. Отанымыздың шекарасын сенімді күзету және қорғау мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси дамуы және қауіпсіздігінің кепілі... Бүгін біз шекарашылардың кәсіби мерекесі – Шекарашылар күніне срай. Возвышения ауылында ерналасқан «Аралташ» шекара заставасының 1-ші мобилдік топтың барлаушы-радиотелефонисті Ерболат Уснатдинов жайлы әңгімелесті.

Ерболат Әскербайұлы 1995 жылы 17 тамызда Өзбекстан мемлекетті Қарақалпақстан республикасының Нөкіс қаласында дүниеге келген екен. 2004 жылы отбасы тарихи Отанына оралып, Мағжан Жұмабаев ауданы Сарытомар ауылына көшіп келеді. 2004 жылы Сарытомар ауылындағы орта мектептің тбалдырығын аттап, 2012 жылы бітіріп шығады.

2013-2015 жылдары Көкшетау қаласында колледжде оқып, көлік жөндеу шебері мамандығы бойынша диплом алады. Осы жылдың күзінде ҚР Қарулы күштерінің қатарына шақырылып, бір жыл әскери борышын өтейді. Алматы қаласы Боралдай ауданы №2177 әскери бөлімінде, кейін №2458 әскери бөлімінде 9 ай бойы әскери қызмет атқарады.

Үйіне аман-есен оралған соң, Ерболат мамандығы бойынша еңбек етіп, біраз тәжірибе жинақтайды. 2020 жылдың

соңында Шекара қызметіне қажетті құжаттар жинап, келісім шарт бойынша әскери қызметке баруға бел буады. Осылайша, 2021 жылы мамыр айында бұйрық шығып, ол Возвышения ауылында шекарашы болып жұмысқа орналасады.

Техниканың қыр-сырын меңгерген Ерболат Уснатдинов 1-ші мобилдік топтың барлаушы-радиотелефонисті лауазымын атқарады. Өзісіне адал, бекітілген әскери құрылғыларды жақсы меңгерген шекарашы әрдайым басшылық бұйрығын бұлжытпай орындауға тырысады. Шекара шебінде жүріп, аумақтарды барлап, бұзушылықтар орын алған кезде заставамен байланыс орнатып, абыройлы қызмет атқарып келеді.

Иә, қазіргі заманғы шекарашы – ұқыпты, сабырлы, парасатты, сонымен қатар психолог, дипломат және әскери адам. Ол өртүрлі қару-жарақтан атуды кәсіби деңгейде меңгерген, әскери тех-

никаны басқаруды және арнайы құралдарды шебер қолдана білуі тиіс. Қарапайым сарбаздан генералға дейінгі бұл кәсіп иесінің ең басты ерекшелігі – Отанға деген сүйіспеншілік, өйткені шекарашы – ең алдымен, өз елінің патриоты болып табылады.

Мемлекеттік шекараның беріктігі – елдіктің басты белгілерінің бірі. Тәуелсіздігіміздің алғашқы күнінен бастап еліміздің тыныштығы мен шекарасының қауіпсіздігін қарағылықпен, жоғары жауапкершілікпен күзетіп келе жатқан шекарашылардың еңбегі зор. Сондықтан Мемлекеттік шекараны абыроймен берік күзетіп жүрген барша шекарашыларды төл мерекелерімен құттықтаймыз. Өз дамуының күрделі кезеңдерінен өте отырып, қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, бейбіт еліміздің тыныштығын қадағалаған шекарашыларға алғыс білдіреміз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ҚЫРАҒЫ ШЕКАРАШЫ

Жеріміздің аумағын айқындайтын, егемендігіміз мен елдігіміздің басты белгісі ол – мемлекеттік шекарамыз. Ал сол шекара шебін халқының тыныштығы, елімінің амандығы, жерінің бүтіндігі үшін күзетіп, алаңсыз өмірді қамтамасыз етіп отырған ол – шекарашыларымыз.

Ел шетінде күндіз-түні қызметте тұратын қазіргі күннің батырларының еңбегі өрен. Өздеріне жүктелген әскери қызметтің міндеттерін, жауапкершіліктерін көтеріп жүрген шекарашыларға халықтың ризашылығы шексіз. Осы ауыр да абыройлы қызметті арқап жүрген жандардың мерекесі 18-ші тамыз – Шекарашылар күні аталып өтеді.

Мағжан Жұмабаев ауданы мемлекеттік шекара аймағында орналасып, Ресейдің Омбы облысы Есілкөл ауданымен шектесіп жатыр. Көршілес елмен араны бөліп тұрған аумақта болғандықтан екі елдің арасындағы келісім мен ынтымақтастыққа, қарым-қатынасқа селкеу түсірмес үшін шекараның сенімді қорғанышы аса маңызды.

Аталғандардың барлығын іске асыратын, өріне, шекарашылар. «Баян Батыр» шекара заставасында қызмет ететін шекарашылардың бірі – Мукон Еркеш Жоламанұлы. Ол 2014 жылы Шекара қызметіне келісім шартпен келіп, өзін аса қырағы, батыл, ісіне адал шекара сақшысы ретінде көрсетті.

Сондықтан мемлекеттік шекараны абыройлы қорғап, адал қызмет етіп жүрген әскерилердің еңбегін айтпасақ болмайды.

Еркеш Жоламанұлы – таңдаған қызмет саласында барлық талаптарды қабылдап, бұлжытпай орындап жүрген шекарашылардың бірі. Ол 1987 жылы 3 маусымда Шал ақын ауданы Жаңажол ауылында дүниеге келген. Отбасы жағдайына байланысты 1995 жылы Аққайың ауданы Ленинское ауылына көшіп барып, осында мектеп бітіреді.

Жас түлек Петропавл құрылыс-экономикалық колледжінде білім алып, 2011-2012 жылдары Ақтау қаласында орналасқан № 2018 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын өтеген екен.

Еркеш 2015 жылы шаңырақ құрып, қазір жұбайы Бақытпен бірге Жансая мен Аружан есімді қыздарды тәрбиелеп отырған сүйікті ата-ана.

Әскери қызметкер, соның ішінде шекарашы болу – үлкен жауапкершілікті талап етеді. Шекарашының бойында сенімділік, батылдық, сабырлық, шыдамдылық сынды қасиеттер болу

керек. Сонда ғана өзіне артылған міндеттерді абыроймен алып жүреді. Мен осы салада жұмыс жасайтынымды мақтан тұтамын. Себебі, шекарашы болу – көпке беріле бермейтін мүмкіндік, үлкен жетістік. Әрине, әр жұмыстың өз қиыншылығы бар. Біздің жұмысымызда мойныңдағы жауапкершілікті сөзіне тұрып, тез өрі дұрыс шешім қабылдай білу – ең бастысы талаптардың бірі, – дейді «Баян Батыр» шекара заставасының аға нұсқаушысы, сержант Еркеш Мукон.

Расында да елнің қажеті болса да күн-түні демей адал қызмет етуге дайын Еркештей қырағы сақшыларының еңбегі үлгі боларлық. Жас буын осындай адал, отаншыл, жалынды азаматтарға қарап бой түзесе, ел келешегі жарқын болары сөзсіз.

Шекарашыларды өліне деген сүйіспеншілік, қызметіне адалдық және халқының берген алғысы алға жетелейді. Ал Отанына адал ердің елі мәртебесін көтеріп, халқы тілеуін тілеп, қашан да қолдап отырады.

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ КЕЛІСІМ ШАРТ БОЙЫНША
ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАЙДЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің СҚО бойынша департаменті офицер және сержант лауазымдарына келісімшарт бойынша әскери қызметке жалдауды жүзеге асырады.

Кандидаттар мынадай талаптарға сай болуы тиіс:

офицерлік лауазымдарға:
- жасы - 29 жасқа дейін (қоса алғанда);
- медициналық қызметке 32 жасқа дейін (қоса алғанда);

- бойы 165 см-ден төмен емес;
- білімнің - жоғары (әскери кафедралардың, әскери институттардың түлектері).

- әскери билетінің болуы міндетті.
келісімшарт бойынша әскери қызметке:
- жасы - 34 жасқа дейін (қоса алғанда);
- бойы 165 см-ден төмен емес;
- білімі - жоғары, орта-арнаулы, орта;
- әскери билетінің болуы міндетті (армияда жедел қызмет, әскери-техникалық мектепте оқудан өткен).

- үміткерде созылмалы аурулардың болмауы және психикалық/наркологиялық диспансерлерде тіркелмеген болуы;
- үміткерде және оның жақын туыстарында (ата-анасы, аға-әпкелері, әпкелері) бұрын сотталғандығы жоқ.

Әскери қызметшілерді қамтамасыз ету:
- Зейнетақы шегерімдерсіз материалдық қамтамасыз ету (офицерлердің жалақысы 370 мың теңгеден, келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің жалақысы 260 мың теңгеден);

- жалақысы сақтала отырып, екі жалақы мөлшерінде төленетін жыл сайынғы демалысты;

- заттай мүлікпен;

- әр отбасы мүшесіне 57 мың теңге тұрғын үй төлемімен;

- тегін медициналық қамтамасыз етумен;

- 47 жаста зейнетке шығу.

Төмендегі салалар бойынша мамандарға сұраныс зор: заңгерлер, медицина мамандары, ветеринарлар, тракторшылар, жүргізушілер, байланысшылар, бағдарламашылар, механиктер, ит

дәрігерлері, электриктер.

Келесі құжаттарды жинау қажет (көрсетілген құжаттарды 2 данада тапсыру қажет):

1. Өзінің жеке куәлігінің көшірмесі 2 дана.

2. Жақын туыстарының жеке куәлігінің көшірмесі 2 дана (жұбайының жақын туыстарына арналған 2 дана, егер ол некеде болса).

3. Өзінің туу туралы куәліктерінің көшірмесі 2 дана.

4. Жақын туыстарының туу туралы куәліктерінің көшірмесі 2 дана. Қайтыс болған туыстарының қайтыс болғаны туралы куәлігі 2 дана (зайыбының жақын туыстарына арналған 2 дана, егер ол некеде болса).

5. Неке қию немесе ажырасу туралы куәліктің көшірмесі 2 дана.

6. Аттестаттың көшірмелері мен бағалау парағы қосымша 2 дана.

7. Дипломның көшірмелері мен бағалау парағының қосымшасы 2 дана.

8. Әскери билеттің көшірмесі (жазбалары бар барлық беттер) 2 дана.

9. Еңбек кітапшасының көшірмесі (егер жұмыстан ресми жазбалар болса) 2 дана.

10. Қызметтік сипаттаманың медициналық сипаттаманың (армиялық) көшірмесі 1 дана.

11. Жұмыс орны анықтамалығы мен сипаттамасының 2 данасы (ұйымның мөрі мен басының қолы бар).

12. Жақын туыстарының жұмыс орнын

анықтамалығы 2 дана (ұйымның мөрі мен басының қолы бар).

13. Егер кандидат және оның жақын туыстары жақын және алыс шетел елдерінде тұрып жатса немесе бұрын тұрса, онда кандидат өзіне және жақын туыстарына қатысты өзінің соттылығы жоқ немесе соттылығының бар екенін растайтын анықтамаларды және өзге де ресми құжаттарды ұсынады.

14. Салық комитетінен анықтама 1 данада (бастапқы 250-нысан декларациясы), жұбайының декларациясы 1 данада.

15. Үш көршінің пікірлері, жеке куәлігінің 1 данада көшірмесі бар (ұчаскелік мөрмен куәландырылған).

16. Ұчаскелік мөрмен куәландырылған есеп 2 данада.

17. Фото 3х4= 3 дана, 2 дана конверт (хаттар үшін).

18. Анкета, автобиографияны 2 данада өз қолыңызымен толтырыңыздар.

Құжаттарды қабылдау және ресімдеу шарттары туралы сұрақтар бойынша Петропавл қаласы, Амангелді көшесі, 137 мекенжайы бойынша ҚР ҰҚК Шекара қызметінің СҚО бойынша департаментіне сағат 09.00-ден 19.00-ге дейін кадр бөліміне хабарласыңыздар.

Телефон: 8-7152-62-80-36, 62-80-42, 62-80-23;

Ұялы телефондар: 8-777-608-47-10, 8-705-871-68-95.

ҚАЖЫЛАР МУЗЕЙГЕ УМРАҒА ҚИГЕН ИХРАМДЫ ТАБЫС ЕТТІ

12 тамыз күні Булаев қаласында орналасқан аудандық тарихи-өлкетану музейінде ерекше әрі маңызды оқиға өтті. Жуырда Умра рәсімін орындаған «Береке» аудандық орталық мешітінің наиб имамы Жәніс Оралұлы Шымпаев пен Асләмбек Махметов қасиетті ихрамды музейге салтанатты табыстады.

Жалпы ихрам - мұсылманның қажылыққа, яки умраға барған кезі және де қажылық немесе умраға барған адамның киіміне берілген атау. Шариат бойынша, қажының Меккеге жолға шыққанда ихрам киімі уәжіп саналады. Ол - ақ түсті болады.

Бұл сый - жай ғана музей жәдігері емес, ол иманның символы, рухани ерліктің белгісі және ислам дәстүрлеріне деген терең құрметтің көрінісі. Ол музей экспозициясынан лайықты орын алып, келушілерге рухани мұраның құндылығын еске салып отырады деген сенімдеміз.

Сондай-ақ рухани іс-шараға дін өкілдері, қоғам қайраткерлері және аудан ардагерлері қатысты. Жиналғандар алдында аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Серік Ысқақов сөз сөйлеп, әр адам үшін рухани өрі діни білім алу аса маңызды екенін айтты.

Сонымен қатар Меккеге қажылық жасаған Хабибулла Халиулы Тұрғанбаев пен Асләмбек Шәкірұлы Махметов өз әсерлерімен бөлісті. Олардың айтқан әңгімелері иманның күші мен рухани құндылықтардың маңыздылығы жайлы жүрекке жетер естелік болды.

Булаев қаласының тұрғыны Асләмбек Махметов музейге қажылыққа барғаны туралы сертификатты, ихрамды, сондай-ақ қонақтарға да қасиетті жерден әкелген тақиялар мен орамалдарды сыйға тартты.

Кездесу рухани бірліктің және мәдени-діни дәстүрлерге құрметті дәріптеп, қатысушылардың қажылармен бірге естелік суретке түсуімен аяқталды.

Мансия ТҰРЛЫБЕКОВА.



С ШЕБЕРДІН ҚОЛЫ КӨПКЕ ОРТАҚ

ӘЛЕМ РЕКОРДЫН ЖАҢАРТУҒА ҮЛЕС ҚОСҚАН ІСМЕР



Осыдан бір ай бұрын шілденің 6-шы Жұлдызында Алматыда ұрпақ көрне жинаудан әлемдік рекорд орнатылды. Медеу мұз айдынында ерекше мәдени іс-шара өтті. Аламан ұрпақ сабақтастығының рәйісшісі ретінде мұзайдың алаңын толығымен ұрпақ көрне бірде жиналды. Әлемдік түркі-түркілерінен келген шеберлер Медеуде дәлесті. Алаңдардың Жұмысшы ГВР дүниежүзілік рекордтар кітабының өкілдері бағаланды.

Қазақстанның түркі-түркілерінен жиналған құрақшылар өзара тәжірибе алмасып, өздерінің ойларымен бөлісіп отырады екен. Осылайша, топтағы қолөнершілер «Аламан құрақ» жобасының негізін қалаушы Нұрғұл Абайханның былғы бастамасын бірауыздан қолдайды.

Жалпы кішкентай кезімнен бастап мені он саусағынан балтамған жақындарымның қолынан шыққан небір дүниелерді көріп өскендіктен болар, қолөнер жаным ерекше жақын болды. Соңғы жылдары ата-бабамның аманатын арқалап жүргендіктен олардың сіңірген еңбегін ақтамақ болып, көп идеялар келе бастады. Мәселен, мен жоғарыда айтылған топта «Аламан құрақ» жобасы туралы естіп, өзімнің шеберлігімді сынауға бел будым. Содан жоба аясында әр тігінші бір құрақ пен бір жастық тігіп, олардың түстері де, өлшемдері де сәйкес болуы тиіс болды. Осының бәрін мұқият қарап, сапалы өрі өдемі етіп шығардым. Бәрі дайын болған соң, Алматыға жол тарттым, - дейді Күләй Фабдуллина.

Булаев қаласынан ол жалғыз емес, қызы Тахминамен бірге шығады. Екі күн бұрын келіп, жасаған құрағы мен жастығын ұйымдастырушыларға тапсырады.

Бүлкен байтақ еліміздің 660 құрақшысы қатысқан ауқымды жоба болды. Алдын ала тігіліп өкелінген құрақтар бір-біріне қосылып, соңында үлкен кілем болып шықты. Мұз айдынындағы бұл басқосу ерекше өтті. Шеберлер жүзбе-жүз кездесіп, емін-еркін әңгімелесті. Мұмбайдағы кеңседен «құрақ көрпе жинаудан әлемдік рекорд орнатылды» деген хабар жеткенде, қуанышымызда шек болған жоқ. Осындай жобаға қатысып, тәуелсіз еліміздің намысын қорғап, ата-анамның кесірін жаңғыртып, ел алдында олардың аманатын орындағандай сезімде болдым. Сапар барысында жанымда кенже қызым бірге жүріп, бәрін суретке түсіріп, бейне жазба жасап отырды. Бұл естен кетпес саяхат - мәңгі есімде қалары сөзсіз. Бірінші - Жаратқанға, екінші - жақындарыма мың алғыс айтамын, - дейді әлемдік рекорд орнатуға үлес қосқан жерлесіміз.

Айта кету керек, «Аламан құрақ» жобасы қатарынан үшінші жыл өтіп, жыл сайын рекорд жаңартып келеді. Мәселен, бірінші жылы 200 құрақшы Қазақстанның рекордтар кітабына енді. Билтыр 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында 450 құрақшы 450 көрпе тікті. Биыл еліміздің бүкіл аймағынан келіп, 660 құрақшы көрпе төседі. Жобаның мақсаты - қазақтың құрақ көрпесін өлемге таныту, ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу және қазақтың құрағын бренд ретінде қалыптастыру болып табылады.

Құрақшы Күләй Фабдуллина «Аламан құрақ» жобасына қатысқаны және қазақтың құрақ көрпе өнерін насихаттап, әлемдік рекорд орнатуға қосқан үлесі үшін ұйымдастырушы Нұрғұл Абайханның сертификаттымен марапатталып, Global Book of Records дүниежүзілік рекордтар кітабының сертификаттына ие болды.

Ендіше, ісмер жерлесіміз Күләй апайымызға мықты денсаулық, ісіне табыс, бастамаларына сәттілік тілейміз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

Global Book of Records дүниежүзілік рекордтар кітабының Азия және Африка бойынша бас офицері Қуандық Құдайбергеновтың айтуынша, әлемде өйгілі 4 дүниежүзілік рекордтар кітабы бар. Оның ішінде Global Book of Records мәдени рекордтарға көп көңіл бөледі.

Біздің Мұмбай мен Дубайдағы офицерімізге Қазақстанның Аламан құрақ қауымдастығынан этно-рекорд тіркеуге ұсыныс түсті. Бізді қызықтырғаны - Қазақстанның барлық 20 өңірінен 660 құрақшы келді. Екіншіден, біздің кітап ЮНЕСКО-ның материалдық мәдениетті сақтау бағдарламаларын қолдайды. Сондықтан бұл бастаманы қолдайық деп шештік. Себебі қазақтың құрақ көрпесінің тарихы 2,5 мың жылға кетеді.

Бұл құрақтың ерекшелігі - рекорд орнатуға ұсыныс бойынша құрақ көрпелердің барлығы бір түсті, салмағы мен өлшемі бірдей бір материалдан жасалды. Әлемде бірде бір кітапқа мұндай рекорд тіркелмеген, - деді ол.

Оның айтуынша, рекорд тіркеу үшін жиналған құрақтардың өлшемдерін өзі және мегаполистер арнайы келген Чехия мен Францияның мамандар тексерген. Ал қорытынды шешім Мұмбай қаласындағы негізгі кеңседе қабылданды.

Ұйымдастырушылар мәліметінше, іс-шараға атсалысқан құрақшылардың ең кішісі 6 жаста, ең үлкені - 90 жаста. Одан бөлек 660 адамның бесеуі әр адам, 24 бала және 17 жасөспірім бар. Ал өңірлер бойынша бастамаға қатысқан ең үлкен делегация Алматы қаласы (93) мен Түркістан облысынан (99).

Біздің Солтүстік Қазақстан облысынан 11 шебер қатысса, Мағжан Жұмабаев ауданынан Күләй Мұхамеджанқызы Фабдуллина өз үлесін қосты.

Күләй апай - аты өйгілі қолөнерші болмаса да, қолөнер оған әкесінің қанымен, анасының ақ сүтімен дарыған. Мәселен, оның әкесі Мұхамеджан шебер уста болса, анасы Забура ісмер тігінші болған екен. Одан қалды, нағашы атасы Нұрмұқан - етікші болса, нағашы апасы Салика - тігіншілігімен аты шыққан жан болған.

Күләй Фабдуллина 1966 жылы 11 қарашада дүниеге келген. Туған жері - қазіргі Шал ақын ауданы Кектерек ауылы.

Осылайша, ол жас кезінен шебер жандарды ортасында өсіріп, қолөнершілікке ерте келген. Есейіп, бойжеткен соң, басқа маман иесі атанып, тұрмыс құрғаннан кейін де Күләй Мұхамеджанқызы үйіне қажетті құрақ көрпе, балаларына киім-



көшек тігіп, қан дарыған қолөнерден алыстамаған.

Біздің кейіпкеріміз қазір Булаев қаласында тұрады. Таныстарынан тапсырыс түсіп жатса, қуана іс тігіп, көңілдерінен шығуға тырысып бағуда. Өзінің негізгі жұмысынан қол босаған кезде, ол кенже қызы Тахминаға көйлек, киім, сөмке және тағы да басқа заттар тігіп, оны заман

ағысына сай қылып, бірақ қазақтың ою-өрнегін қосып, көзге тартымды дүниелер жасайды.

Күләй апайдың айтуынша, осыдан 3-4 жыл бұрын интернет арқылы Қызылордада тұратын ісмер - Үржамал апаймен танысып, еліміздің мыңға жуық қолөнер шеберлердің басын қосып отырған ватсап-топқа қабылданады. Онда

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ –



Жалғасы, басы 1-бетте.

Содан кейін айбынды Әнұранымыз орындалып, спартакиаданың салтанатты ашылуы басталды. Ол алаң ортасында тұрғызылған үлкен Led-экраннан мереке тікелей эфирде көрсетілді. Арнайы киім киген жүздеген мағжандық жасөспірімдер мен қыздар халық алдына шығып, өнер көрсетті. Сондай-ақ аудандық Мәдениет үйінің актерлері театрландырылған қойылым қойып, жұртты тамсандырды.

Биік-биік еңселі шын құздары,
Қайсар туған еліміздің ұл-қыздары,
Әр тарабын жайлаған әрбір жерін,
Қазағымның данагөй абыздары,
Қиыр-қиыр кең дархан далаларым,
Ойран болған орны бар қалаларым.

Тарихымның күесі шаңғал таста,
Өшпестей ізі қалған бабалардың, - деген диктордың сөздері кезінде сахнаға ана образындағы әйел көтеріліп, қолындағы сөбиін абыз ақсақалға береді. Ол нәрестені көкке көтеріп, ақ батасын беріп, оған Батыр Баян есімін қояды. Батыр Баян - қазақ халқының хас жүрек батыры, үш жүздің басын қосқан Абылай ханның ең сенімді қолбасшысы, ол отаншыл және өте намысшыл болған.

Әртістер Батыр Баян, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Сәбит Мұқанов, Әлия Молдағұлова, Мағжан Жұмабаев бейнесін сомдап, көрермендерге асыл сөздерін арнады. «Туған жер» би ансамблі аудан жастарымен бірге «Сауыт» биін орындап, жиналғандарды таңқалдырды.

«Жастар-2025» облыстық спорт мерекесі - салауатты өмір салтын насихаттап, ауыл спортының дамуына серпін беретін ерекше дода. Жарыс жолына шыққан әрбір команда сән-салтанатымен ортаға шығып, достық пен бірлікті паш етті. Әр ауданның құрама командасына мағжандықтар атынан естелік сыйлықтар табыс етіліп, үлкен сый-құрмет көрсетілді.

Мағжан Жұмабаев ауданының делегациясын аудан әкімінің орынбасары Азамат Шәріпов пен дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Қанат Мұсатаев бастап шықты.

Мағжан Жұмабаев ауданының құрама командасы – аудандық және облыстық деңгейде жоғары нәтижелерге қол жеткізген, жеңіске деген жігер мен ұйымшылдықтарын көрсете білген, болашағынан үміт күттіретін, белсенді спортшылардан құралған.

2024 жылғы облыстық жастар спартакиадасының («Жастар-2024») қорытындысы бойынша жағажай волейболынан ауданның әйелдер командасы күміс жүлдеге ие болды. Бұл - олардың жоғары деңгейдегі дайындығы мен командалық үйлесімділігінің айғағы. Команда құрамында Логвинова Жадыра мен Аққан Зарина аудан намысын қорғады.

Сонымен қатар, құрамаға түрлі спорт түрлері бойынша үздік нәтижелер көрсеткен мықты спортшылар енді. Мәселен, Кутузова Анастасия, Белгібаева Әлия, Ахметова Диана, Куклева Инна, Третьякова Ксения, Төлегенова Мадина, Сапарова Диана, Рауш Снежанна сынды спортшылар шағын футбол, жеңіл атлетика және де басқа спорт түрлерінен бақ сынады.

Сондай-ақ ерекше атап өтетін спортшылар қатарында 2025 жылғы Азия чемпионаты мен Қазақстан чемпионатының қола жүлдегері - Зарап Сұңқар, ядро лақтырудан қола жүлдегер, қысқы Президенттік көпсайыстан облыс чемпионы - Жүкенов Ілияс, қысқы Президенттік көпсайыстан облыс чемпионы - Нұралина Жанель мен Трошина Диана, қысқы Президенттік көпсайыстан спорт шеберлігіне кандидат Никитина Валерия сынды жастарымыз болды. Осылайша, аудан құрама командасына қарап, олар «Жастар-2025» спартакиадасында аудан намысын лайықты қорғауға және өңірдегі ең мықты командалардың бірі екендігін дәлелдеуге дайын екендіктерін байқадық.

Ұйымдастырушылар спартакиада туын алаңға мотоклдермен шығарып, ерекше көрініс жасады. Одан әрі туды аудандағы спорттық отбасы саналатын Бөкіровтар жанұясы алып жүріп, аспаңға көтерді.

Амангелді Әміржанұлы 1985 жылы 4 қазанда Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Құралай ауылында дүниеге келді. 2017 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектебінде «Дене шынықтыру пәні мұғалімі» және «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқытушы-ұйымдастырушы лауазымында жұмыс атқарады. Ұстаздық жұмыспен қосымша «Қазақ күрес» ұлттық спорт түрінен жаттықтырушы және «Жас Ұлан» әскери патриоттық клуб қозғалысының ұйымдастырушысы. Бос уақытында «Мағжан-Ару» волейбол қыздар командасын жаттықтырады.

Жолдасы – Диана Оразымбетқызы «Балдәурен» балабақшасында тәрбиеші болып жұмыс істейді. 2000-2002 жылдары жеңіл атлетикадан Жамбыл аудандық жарысының жеңімпазы.

Үлкен ұлы- Әміржан Даниал 2010 жылы туған, Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің 8 сынып оқушысы. «Қазақ күресі» ұлттық спорт түрінен шұғылданады. Қазіргі таңда қазақ күресінен «Спорт шеберлігіне үміткер». Республикалық турнирлердің жүлдегері, облыс чемпионаты мен облыстық турнирлердің жеңімпазы. Батыр Баян турнирінің екі дүркін чемпионы. 2023 жылы ҚР чемпионатының қатысушысы.

Екінші ұлы- Әміржан Әлішер, 2012 жылы туған, Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің 7 сынып оқушысы. «Қазақ күресі» ұлттық спорт түрінен шұғылданады. Қазіргі таңда қазақ күресінен 1-ші дәрежедегі спорттық разряды бар. Облыс чемпионаты мен турнирлер жеңімпазы әрі жүлдегері. Батыр Баян турнирінің чемпионы. 2025 жылы ҚР чемпионатының қатысушы.

Үшінші ұлы- Әміржан Алдияр 2018 жылы туған, Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектептің 1 сынып оқушысы. «Қазақ күресі» ұлттық спорт түрінен

ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗЫ

шұғылданады. 2024-2025 оқу жылында облыстық ашық турнир жеңімпазы және жүлдегері. Батыр Баян турнирінің чемпионы.

Кенже қызы - Әміржан Алиана 2022 жылы туған. Спортты дәріптейтін отбасында өсіп жатқан Алиананың да болашағы спортпен болатыны сөзсіз.

Жарыс алауын Уәлиханов ауданының спортшыларына қабылдап, стадионда жүріп өту құрметіне көпсайыстан спорт шебері, Қазақстан кубогының бес дүркін иегері, қысқы және жазғы Президенттік келісіді, шаңғы жарысы мен жеңіл атлетикадан Қазақстан чемпионаттарының бірнеше дүркін чемпионы және жүлдегері - Василий Подмогильныйға берілсе, оны жағу құрметі Қазақстанның үш дүркін чемпионы (Талдықорған 2023, Қаскелең 2024, Алматы 2025), U-15 Азия чемпионатының қола жүлдегері, Амман қаласында өткен (Иордания) U-17 Азия чемпионатының күміс жүлдегері және көптеген халықаралық жарыстардың жеңімпазы мен жүлдегері - Зарап Сұңқарға ұсынылды.

Содан соң, көрермен назары Кекушинкай каратэден аудандық бөлімше тәрбиеленушілерінің көрнекі өнер көрсетуімен ұласты. 2021 жылдан бастап ауданда кекушинкай каратэден - қара белбеу, 2 дан иегері, ҚР чемпионатының жүлдегері, Азия чемпионатының қола жүлдегері, «Сұңқар» Халықаралық турнирінің чемпионы, облыстық және өңірлік турнирлердің бірнеше дүркін чемпионы Бауэнова Айнагүл Орынбайқызы жаттықтырады.

Қазіргі таңда бұл спорт түрімен 3 жастан бастап өртүрлі жастағы 80-нен астам бала айналысуда. Олар ауданның бірнеше елді мекендерінен: Достық, Пролетарка, Құралай, Қарақоға, Медвежка және Бейтерек ауылдарынан қатысады. Спорттық дайындық 7 топта жүргізіледі: төртеуі Булаев қаласында, үшеуі ауылдық округтерде орналасқан. Төрт жыл ішінде бұл үйірмеден облыстық және халықаралық деңгейдегі турнирлердің жеңімпаздары мен жүлдегерлері тәрбиеленді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы чемпионатының жеңімпазы мен жүлдегерлері, Ресей Кубогының чемпиондары, Еуразия чемпионы бар. Сонымен қатар, үш жас спортшы Мержан Мырзажан, Амангелді Рауан және Амангелді Әбілмансұр спорт шеберлігіне кандидат атағын иеленді.

Спорт мерекесі көрерменге толы мінбер алдында жеңіл атлетика бойынша ұлдар мен қыздар арасында 100 метр қашықтыққа финалдық жүгірумен жалғасты. Жиналған қауым спортшыларға зор қолдау көрсетіп, стадионды басына көтерді. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау рәсіміне жеңіл атлетикадан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, жастар арасында Қазақстан Республикасының рекордшысы, төрт Олимпиада ойындарының (Пекин 2008, Лондон 2012, Рио-де-Жанейро 2016, Токио 2021) қатысушысы, Азия және Азия ойындарының чемпионы Ирина Эктова қатысты. Бұл, өрине, жас спортшыларға ерекше мотивация бергені айдан анық.

Концерттік бағдарлама соңында түрлі көңіл көтеретін іс-шаралар ұйымдастырылды. Мәселен, мағжандықтар мен аудан қонақтары үшін «Q production» жастар тобы, Crossfire group «DRAGON» жарық шоуы, Қазақстан эстрадасының жарық жұлдызы Әділ Жармағамбетов пен DJ Scorpusha өнер көрсетті.

Бұл күні спорттық шараны тамашалауға келген жанкүйерлердің қарасы қалың болғанын айттық. Ең бастысы, дүбірлі доданың ашылу салтанаты халықтың көңілінен шықты. Әсіресе, Булаев қаласының аспанында жарқ-жүрқ етіп, жан-жаққа шашылған мерекелік оташу есте қалғаны сөзсіз.

9 тамыз күні Булаев қаласының «Достық» саябағында облыстық спартакиаданың жабылу салтанаты өтіп, әр спорт түрі бойынша марапаттау рәсімі болып өтті.

Жалпы айта кетер болсақ, Жеңіл атлетика жарысында Қызылжар ауданы жеңімпаз атанса, жүлделі 2-ші орынды алаң иелері – мағжандықтар иеленді, ал 3-ші орынды Есіл ауданның құрама командасы еншіледі.

Грек-рим күресі бойынша Мағжан Жұмабаев ауданының балуандарына тең келер ешкім болмады. Жамбылдықтар күміс медальдарды жеңіп алса, мамлюттүткер қола медальдарды місе тұтты.

Өйелдер күресінде Мамлют ауданының құрамасы мықты екендіктерін дәлелдеп, жеңістің биік тұғырына көтерілді. Қызылжарлықтар мен шалақындық қыздар 2-ші және 3-ші орындарға жайғасты.

Қыздар арасында жағажай волейболы жарысында Шал ақын ауданының спортшылары алтын медаль иегері атанды. Күміс медальды мағжандықтар ұтып алса, қола медальдарды мамлюттүткер қоржындарына салды.

Ұлдар арасында жағажай волейболы жарысында алаң иелері ешкімге дес бермей, спартакиада чемпионы атанды. Тимирязев ауданының спортшылары 2-ші орыннан көрінсе, Аққайың ауданының волейболшылары 3-ші орынды қанағат тұтты.

Қыздар арасында шағын футбол жарысында Шал ақын ауданының аяқдопшылары жарыс жеңімпазы болып танылды. Күміс жүлдеге Қызылжар ауданының футболшылары лайықты болса, Тайынша ауданының қыздар құрамасы қола медальдарды мойнына тақты.

«Жастар - 2025» облыстық спартакиадасының қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте алаң иелері – Мағжан Жұмабаев ауданының құрама командасы – жарыс жеңімпазы атанды. Шал ақын ауданы 2-ші орынды иеленсе, Қызылжар ауданы 3-ші орынға табан тіреді. Жеңімпаз бен жүлдегер командалар кубоктармен, дипломдармен және ақшалай сертификаттармен марапатталды.

Мерекке соңында Жастар спартакиадасының туы салтанатты түрде Мамлют ауданына табыс етілді.

Еркін ТӨЛЕГЕН,
суреттерді түсірген автор.



ТАҢДАУ ӨЗ ЕРКІҢІЗДЕ: ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНАН НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫНАН

Зейнетақы аннуитеті туралы не білесіз?

«БЖЗҚ» АҚ-да (БЖЗҚ, Қор) зейнетақы жинақтары (ЗЖ) бар қазақстандықтар зейнетақы алудың бірнеше тәсілін таңдай алады. Олар: зейнетақыны БЖЗҚ-дан кесте бойынша алу (жинақтар таусылғанға дейін), өмір бойы төлем алу үшін сақтандыру компаниясымен шарт жасасу немесе осы тәсілдерді үйлестіріп қолдану.

Әр ай сайын берілетін төлемдерді өмір бойына немесе кепілдендірілген мерзім ішінде тұрақты түрде алып отыру үшін сақтандыру компаниясымен зейнетақы аннуитеті шарты жасалуы қажет.

Зейнетақы аннуитеті деген не?

Зейнетақы аннуитеті - бұл азамат пен өмірді сақтандыру компаниясы арасындағы шарт, оған сәйкес сақтандыру компаниясы ай сайынғы зейнетақы төлемін өмір бойы немесе келісілген жасқа дейін төлеуге міндеттенеді.

Қазіргі таңда Қазақстанның сақтандыру нарығында зейнетақы аннуитетінің мына түрлері қолданылады:

• **Жедел зейнетақы аннуитеті** - шарт жасалғаннан кейін төлемдер бірден басталады.

• **Кейінге қалдырылған зейнетақы аннуитеті** - төлемдер шартта көрсетілген белгілі бір уақыттан кейін басталады (осы кезеңде қаражат инвестицияланып, болашақ төлемдер көлемі артады).

• **Бірлескен (жұбайлар) аннуитет** - екі адамның зейнетақы жинақтары біріктіріліп, өмір бойы төлем алу қарастырылады (бірі қайтыс болған жағдайда, екіншісі төлем алушы жалғастырады).

Аннуитет шарттары:

• **тиісті жасқа жету** - азаматтың аннуитет шартына отыру жасы аннуитет түрі мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының (МКЗЖ) болуына байланысты;

• **жедел зейнетақы аннуитетін** ер адамдар 55 жас, әйелдер 53 жас бастап рәсімдей алады (2028 жылдан бастап әйелдер үшін белгіленген жас мөлшері кезек-кезекпен өсіп, 2031 жылы 55 жасқа жетеді). Егер азаматтың еңбек қызметі зиянды/қауіпті салада өтіп, кемінде 60 ай бойы МКЗЖ төленген болса, жедел аннуитетті ерлер де, әйелдер де 50 жас бастап рәсімдей алады (жедел аннуитет бойынша жасалатын төлемдер барлық жағдайларда шарт жасалғаннан кейін бірден беріледі).

• **кейінге қалдырылған аннуитетті** міндетті



зейнетақы жарналары (МЗЖ) төленген азаматтар 45 жас бастап жасай алады. Ал зиянды/қауіпті сала өкілдері (МКЗЖ кемінде 60 ай төленген жағдайда) - 40 жас бастап рәсімдей алады. Кейінге қалдырылған аннуитет төлемдері 55 жас бастап беріледі.

• **жинақ сомасының жеткіліктілігі** - сақтандыру компаниясынан ең төменгі ай сайынғы төлем мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген төменгі күнкөріс шамасының (ТК) 70%-ынан кем болмауы тиіс. 2025 жылы 32 360 теңге мөлшеріндегі ай сайынғы ең төменгі төлемді алу үшін ер азаматтардың зейнетақы жинағының мөлшері кем дегенде 9,1 млн теңге, ал әйелдердің шотында 11,9 млн теңге болуы шарт.

Егер МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен қалыптастырылған жинақ мөлшері аздық етсе, еркікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) қаражатын да қолдануға болады. Тіпті жарналардың барлық түрлері бойынша зейнетақы жинағы да жеткілікті болса, жұбайыңызбен немесе жақын туыстарыңызбен (өке-шешеніз, балаларыңыз, асырап алушыңыз, асыран-

ды ұл-қызыңыз, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілер, өкпе-қарындасар, ата-әжелер, немерелер) бірлескен аннуитет рәсімдеуге немесе өз қаражатыңыз есебінен толықтыруға болады.

Зейнетақы аннуитетінің негізгі ерекшеліктері:

1. Зейнетақыны ресми зейнет жасына жетпей алуға болады.

2. Жинақ сомасы толық төленіп қойса да, төлемдер өмір бойы/келісілген кезең соңына дейін жалғасады.

3. Жыл сайын төлем мөлшері 7%-ға индексацияланады.

4. Сақтандыру төлемдерін алушы зейнетақы аннуитетін сатып алған кезде жинақтардың меншік құқығын сақтандыру компаниясына береді, яғни ол жинағын баламалы қажеттіліктерге пайдалана алмайды. Қайтыс болған жағдайда оның сақтандыру компаниясына берілген жинақтары туыстарына мұрагерлікке берілмейді (ал БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтары мұраға беріледі). Бұл ретте зейнетақы аннуитеті шарты бойынша зейнетақы төлемдерінің кепілдендірілген кезеңін бекітуге болады. Ол кезде төлемдер алдымен алушыға, ол

қайтыс болған жағдайда мұрагерлеріне аударылады.

Шарт жасасу тәртібі. Өзгерту/бұзу шарттары

Зейнетақы аннуитеті шарты жазбаша жасалады. Зейнетақы аннуитеті шартын жасау үшін МЗЖ салымшысының (салымшыларының) және (немесе) пайдасына МКЗЖ аударылған жеке тұлғаның сақтандыру ұйымына берген өтініші негіз бола алады. Өтініште сақтандыру сыйлықақысын есептеу және сақтанушының (сақтандырылушының) сәйкестендіру үшін қажетті деректер қамтылуы қажет. Қажетті құжаттар тізбесі мен тапсыру тәсілдері туралы толық ақпаратты БЖЗҚ сайтындағы "Қызметтер - Зейнетақы аннуитеті" бөлімінен таба аласыз.

Зейнетақы аннуитеті шарты жасалған сәттен бастап екі жыл ішінде оны бұзуға немесе өзгертуге болмайды. Осы мерзім өткеннен кейін шартқа өзгерістер енгізу мүмкіндігі берілгенімен, қаражатты БЖЗҚ-дағы шотқа түгелдей қайтаруға рұқсат жоқ: сақтандыру ұйымында өзгерістер енгізілген күні қолданыста болған төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-нан кем болмайтын ай сайынғы сақтандыру төлемінің мөлшерін қамтамасыз ете алатын сома қалуы тиіс.

Екі жылдан кейін шартты бұзу басқа сақтандыру компаниясымен жаңа аннуитеттік шарт жасалған жағдайда ғана мүмкін болады. Бұл ретте қаражат жаңа сақтандыру ұйымына аударылады.

enpf.kz сайтындағы "Онлайн сервистер" - Болжамды зейнетақы калькуляторы" бөлімінде орналастырылған зейнетақы калькуляторының көмегімен сақтандыру компаниясына аудару үшін жеткілікті соманы есептеп, сақтандыру компаниясынан және БЖЗҚ-дан берілетін болжамды төлемдердің мөлшерін салыстыруға болады.

ЕСКЕРТУ: Шартқа қол қоймас бұрын оның барлық талаптарын мұқият оқып шығып, салмақтық өрі саналы шешім қабылдау маңызды.

АНЫҚТАМА: 01.01.2025 жылғы жағдай бойынша 2024 жылы 62 592 салымшы БЖЗҚ-дан сақтандыру ұйымдарына 394,54 млрд теңге сомада зейнетақы жинақтарын аударды. Былғы жарты жылда 01.07.2025 жылғы жағдай бойынша 33 543 салымшы сақтандыру ұйымдарына БЖЗҚ-дан 151,78 млрд теңге жіберді.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз қызметі.

КҮМӘНДІ АУДАРЫМДЫ АНЫҚТАУ ТЕТІГІ КҮШЕЙДІ

Қандай өзгерістер енгізілді?

Біріншіден, биылдан бастап жеке кәсіпкерлер, заңды тұлға басшылары және олардың жұбайлары мобильді аударымдар бойынша тексерілетін тұлғалар қатарына енді. Бұл топқа қатысты операциялар 2024 жылғы деректер негізінде камералдық бақылауға түседі. Екіншіден, егер 3 ай қатарынан 100-ден астам өртүрлі адам бір жеке тұлғаның шотына ақша аударса, жалпы сома 255 мың теңгеден (яғни үш ең төменгі жалақы көлемінен) асып кетсе - салық органдары тексеру жүргізуге құқылы. Мұндай жағдайда адам кәсіпкер ретінде тіркелмеген болса да, оның қызметі кәсіпкерлік ретінде қаралуы мүмкін.

Үшіншіден, ретсіз аударымдарға автоматты бақылау енгізіледі. Қаржы мониторингін агенттігі (ҚМА) енді бір реттік операцияларға емес, операциялар тізбегінің логикасына қарап тексереді. Яғни қаражаттың қайдан келіп, қайда кеткені, қандай жиілікпен қайталанғаны түгел талданып, күдік тудырса автоматты түрде тексеруге негіз болады. Төртіншіден, егер адам тіркелмей кәсіпкерлікпен айналысып жүргені дәлелденсе, 15-тен 100 АЕК-ке дейін айыппұл салынады. Чек бермегені үшін де жауапкершілік бар. Табысын жасырғандарға да 200% көлемінде қосымша салық төлеу міндеті қарастырылған.

Пікір жазудың заңдық мәні бар ма?

Кейінгі жылдары отандастарымыз бір-біріне мобильді ақша аударымдарын жасағанда түрлі жазба қалдыруды едетке айналдырды. «Рақмет», «қайтардым», «түсік ас үшін», «сыйлық» секілді сөздер күнделікті транзакциялардың ажырамас бөлігі іспетті. Алайда салық органдары бұл жазбаларды есепке алмайтынын бірнеше рет мәлімдеді. Олардың айтуынша, егер бір адам 3 ай ішінде өртүрлі адамнан 100-ден астам аударым алып, олардың жалпы сомасы 1 млн теңгеден асса, онда түсініктеме бар-жоғына қарамастан, ол тексеруге себеп болуы

Елімізде мобильді аударымдарды бақылау мен салықтық әкімшілендіру 2025 жылы жаңа деңгейге көтерілді. Мобильді ақша аударымдарына қатысты бақылау күшейді. Енді 3 ай қатарынан 100-ден астам адамнан аударым алғандар салықтық тексеруге ілігуі мүмкін. Ал қаражаттың мақсатына жазылған түсініктеме бұл жағдайдан құтқарып қала алмайды, тек кәсіпкерлік қызмет бар-жоғы анықталады.

мүмкін. Дегенмен заңгерлер пікірінше, мобильді аударымдарға жазылған түсініктемелердің құқықтық мәні жоғары. Заңгер Сергей Уткиннің айтуынша, бұл жазбалар қажет болған жағдайда сотта дәлел ретінде қарастырылуы мүмкін.

— Әрбір жазылған түсініктеме - болашақта өзіңізді қорғаудың құралы. Мысалы, адам бұрынғы жұбайына алимент ретінде ақша аударып, оған «алимент» деп жазып отырса, бұл төлемнің мақсатын дәлелдейтін нақты айғаққа айналады. Егер түсініктеме болмаса, ол жай ғана көмек немесе сыйлық деп бағалануы мүмкін, - дейді заңгер.

Сарапшының айтуынша, банктер барлық аударымға жазылған түсініктемені көреді ері жүйеде сақтайды. Дегенмен олар ресми төлем мақсаты ретінде қарастырылмайды. Бірақ қажет болған жағдайда бұл деректер талдануы мүмкін.

— Күнделікті өмірде «кофе үшін» секілді жазбалар үлкен қауіп төндірмейді. Бірақ салық органдары жүйелі ері ірі сомаларға төлемдерге назар аударады. Егер сіз тіркелмеген кәсіпкерге жүйелі түрде ақша аударып, оған «қызмет үшін» деп түсініктеме қалдырсаңыз, бұл бақылаушы органдар үшін белгі болуы мүмкін, - дейді сарапшы.

Ай сайынғы аударым 300 мыңнан асса...

3 ай қатарынан 300 мың теңге көлемінде сомада қаражат аударылып отырса, азаматтарға ақшаның бизнестен түспегенін дәлелдеуіне тура келеді. Бұл ақпараттан кейін біршама сұрақ туды. Көпшілік тексерілетін мөлшерлемелі мен сома деп наразы болды. Мәселен, кейбір адамдарды айына 300 мың аударып, туыстары асырап отыруы да

мүмкін. Бұл сұраққа Қаржы вице-министрі Дәурен Көкбейіл жауап берген еді.

— Мұндай жағдайда комитет өкілдеріне бұл ақшаның қайдан түскенін түсіндіруіңіз керек болады. Мұның барлығы бизнесті көлеңкелен шығару үшін жасалып жатыр. Егер сіз адал кәсіпкер болсаңыз өрі аударымдардың қайдан түскенін дәлелдесеңіз, ешқандай қиындық болмайды, - деді.

Күдікті қаржылық операциялар қалай анықталады?

Қаржылық мониторинг агенттігі ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы жаңа әдістерді енгізіп жатыр. Енді әрбір жеке ақша аударымы емес, операциялардың жиынтығы мен өзара байланысы тексеріледі. ҚМА төрағасының орынбасары Жеңіс Елемесовтің айтуынша, банктер мен қаржы ұйымдары жеке-жеке аударымдарға қарап күдікті қызметті анықтамайды. Негізгі назар бірнеше операцияның арасындағы байланысты талдауға аударылады.

— Күдікті қызметті анықтау - бір операцияны емес, қаржылық операциялардың жиынтығын, олардың бір-бірімен логикалық байланысын талдау. Ең жеке аударым заң бұзушылық емес сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ осы аударымдардың аффилирленген тұлғалар арқылы жүйелі қайталануы немесе бір схема аясында қозғалысы бүкіл қызметтің күмәнді екенін көрсетеді. Мұндай жағдайда банк бұл туралы ақпаратты агенттікке тапсыруға тиіс, - деді Елемесов.


Күмән тудыратын операцияларды бағалау критерийлері агенттік төрағасының бұйрығы арқылы қабылданады. Сондықтан банктерге немесе басқа да қаржы ұйымдарына қандай да бір жеке базаларға



қол жеткіземін деп ұмтылудың қажеті жоқ. — Оларға тек бір-бірімен байланысты аударымдарды, олардың қайталануын, көлемін және бағытын талдау жеткілікті. Осы арқылы занда белгіленген критерийлерге сәйкес күдікті қызметті анықтау алады, - дейді.

Ұлттық банк бастамасы негізінде банктер күдікті мобильді аударымдарды 24 сағатқа дейін уақытша тоқтата тұра алады. Егер клиент ескертулерге қарамастан, күдікті тұлғаларға ақша жіберуге өркеттесе, банк аударымды уақытша бұғаттап, азаматты банктің бөлімшесіне шақыруы мүмкін.

— Егер адам күшті психологиялық ықпалға ұшырап, барлық ескертуге қарамастан алаяқтарға ақша аударуға өркеттесе, банк аударымды бұғаттап, клиентті туысымен бірге бөлімшеге шақыра алады. Туысы оның өркетінін саналы түрде қабылдағанын растайды. Бұл шара азаматтарды алаяқтардың ықпалымен қабылданған асығыс шешімдерден қорғауға және кейін жөберленуші есін жиып, банкке ақша қайтарып беруді талап ететін жағдайлардың алдын алуға бағытталған. Алаяқтық схемаларды ең алғашқы сәтте, алғашқы қоңырау кезінде-ақ анықтай алатын алгоритм әзірлеп жатырмыз. Жүйе 2025 жылдың соңына дейін толық дайын болады, - дейді Ұлттық банк төрағасының орынбасары Шолпанқұлов.




Дүйсенбі, 18 тамыз	Сейсенбі, 19 тамыз	Сәрсенбі, 20 тамыз	Бейсенбі, 21 тамыз	Жұма, 22 тамыз	Сенбі, 23 тамыз	Жексенбі, 24 тамыз
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАН. 06.05 ІНЖУ-МАРЖАН. 06.45 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 07.00 «TANSHOLPAN». 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.55 АҚПАРАТ. 10.10, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10, 03.55 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.00, 03.35 БАУ-БАҚША. 13.25 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 14.10 Т/Х «ШАБДАЛЫ 18». 15.10 ДАЛА ДӘМІ. 15.25, 03.15 «ШЕКАРА ШЕҢДІГІ СЕНІМ». 15.45 ЗАМАНДАСТАР. 17.20, 02.35 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 19.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 «КӨНІЛДІ ТАПҚЫРЛАР АЛАҢЫ». 23.10 Т/Х «ОТЫНДЫ ӨШІРМЕ». 00.05 ДАРЫН. 01.30 САНА. 04.35 ЕҢ ДӘМДІ. 05.15 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.55 АҚПАРАТ. 06.35, 13.15 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 06.50, 04.50 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 07.00 «TANSHOLPAN». 10.10, 21.20 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10, 04.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.00 «АҚТАУДАҒЫ ДЕМАЛЫС». 13.25 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 14.10 Т/Х «ШАБДАЛЫ 18». 15.15 ДАЛА ДӘМІ. 15.30, 03.15 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.30 «УШУ МӨДЕНИЕТІ». 17.20, 02.35 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 19.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 «КӨНІЛДІ ТАПҚЫРЛАР АЛАҢЫ». 23.10 Т/Х «ОТЫНДЫ ӨШІРМЕ». 00.05 ДАРЫН. 01.30 САНА. 04.35 «АҚТАУДАҒЫ ДЕМАЛЫС». 05.00 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.55 АҚПАРАТ. 06.35 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «TANSHOLPAN». 10.10 Т/Х «АНАМ АНКАРА». 11.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10, 03.45 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.00, 04.40 «БУРАБАЙ БАУРЫНДА». 13.25, 03.15 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 14.10 Т/Х «ШАБДАЛЫ 18». 15.15, 04.25 ДАЛА ДӘМІ. 15.30 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.30 «ҚАС ҚАҒЫМ СӨТ». 17.20, 02.35 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 19.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.30 «КӨНІЛДІ ТАПҚЫРЛАР АЛАҢЫ». 23.10 Т/Х «ОТЫНДЫ ӨШІРМЕ». 00.05 ДАРЫН. 01.30 САНА. 04.40 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 05.10 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.55 АҚПАРАТ. 06.35 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «TANSHOLPAN». 10.10, 21.20 Т/Х «ҮНІСТІ КҮРЕС». 11.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10, 04.00 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.00, 03.15 «ТАРИХИ ТҮРКІСТАЙ». 13.25 «ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮЗДЕСУ». 14.10 Т/Х «ШАБДАЛЫ 18». 15.15 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.20, 03.35 «СУДЫҢ СЫЙЫ». 16.50 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.20, 02.35 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.30 «КӨНІЛДІ ТАПҚЫРЛАР АЛАҢЫ». 23.10 Т/Х «ОТЫНДЫ ӨШІРМЕ». 00.05 ДАРЫН. 01.30 САНА. 04.40 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 05.10 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.55 АҚПАРАТ. 06.35 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.00 «TANSHOLPAN». 10.10, 21.20 Т/Х «ҮНІСТІ КҮРЕС». 11.10 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.10, 04.15 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.00 «АСТАНАНЫҢ АЖАРЫ». 13.25, 03.10 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 14.10 Т/Х «ШАБДАЛЫ 18». 15.15 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.15, 03.40 «ТУҒА», Х/ф. 16.50, 04.55 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.20, 02.30 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ». 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 20.30 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 «КӨНІЛДІ ТАПҚЫРЛАР АЛАҢЫ». 23.10 Т/Х «ОТЫНДЫ ӨШІРМЕ». 00.05 ДАРЫН. 01.30 САНА. 04.35 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 17.00, 01.45 АҚПАРАТ. 06.35, 04.35 АУЫЛДАСТАР. 06.55 М/ф «ЭЛВИН МЕН АЛАҚОРЖЫНДАР». 07.30 М/ф. 08.00 «TANSHOLPAN». 10.00, 21.20 Т/Х «ҮНІСТІ КҮРЕС». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00 ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮЗДЕСУ. 12.35 КОНЦЕРТ. 13.30, 02.05 АРНАЙЫ ЖОБА. 14.00 Т/Х «ҚОШЫҢ ҚЫЗЫ». 16.00, 03.55 ЕҢ ДӘМДІ. 16.50, 02.30 ТАЗА ҚАЗАҚСТАН. 17.20, 02.40 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 20.00 ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮП. 20.20 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 ЗАМАНДАСТАР. 23.30 «ХАНШАЙЫМНЫҢ КҮНДЕЛІГІ», Х/ф. 03.10 Д/ф.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 АҚПАРАТ. 06.25, 08.05, 03.05 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 07.05 М/ф. 07.35 М/ф «ҮШ МАРҒАУ». 08.45 ЖҮЛДЫЗДЫ ЖҮЗДЕСУ. 09.20, 02.35 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 10.00, 21.20 Т/Х «ҮНІСТІ КҮРЕС». 11.00 Т/Х «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». 12.00, 01.30 «БАУ-БАҚША». 12.30 КОНЦЕРТ. 13.35 ТӘТТІ ТҮЗАҚ. 14.00 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 16.00 КОНЦЕРТ. 18.00 Т/Х «КЕК ЖОЛЫНДА». 20.00, 23.30 АҚОРДА. 20.20 Т/Х «АҚЖАУЫН». 22.15 НАРТӨУЕКЕЛ. 23.45 «ТӘТТІ ТҮЗАҚ». 00.10 ЗАМАНДАСТАР. 01.50 Д/ф. 03.45 КҮМІС КОМЕЙ. 04.30 АУЫЛДАСТАР.

Дүйсенбі, 18 тамыз	Сейсенбі, 19 тамыз	Сәрсенбі, 20 тамыз	Бейсенбі, 21 тамыз	Жұма, 22 тамыз	Сенбі, 23 тамыз	Жексенбі, 24 тамыз
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ-2». 07.00 ОЯН. 10.00 М/ф. 10.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 13.30, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/Х «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ЖАҢЫРЛЫ ҒҰМЫР». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ӨЗ ҮЙІМ-2». 07.00 ОЯН. 10.00 М/ф. 10.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 13.30, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 15.10 ӘЛЕУМЕТ. 15.30 ДӘСТҮР. 16.00, 22.00 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ЖАҢЫРЛЫ ҒҰМЫР». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ШАШУ». 07.00 ОЯН. 10.00 М/ф. 10.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 13.30, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 15.10 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 15.30 КӨЗҚАРАС. 16.00, 22.00 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ЖАҢЫРЛЫ ҒҰМЫР». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ШАШУ». 07.00 ОЯН. 10.00 М/ф. 10.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00 Т/С «НА ТВОЕЙ СТОРОНЕ-2». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ЖАҢЫРЛЫ ҒҰМЫР». 22.00 Т/С «МАЖОР». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ШАШУ». 07.00 ОЯН. 10.00 М/ф. 10.30 Т/С «ЗИМОРОДОК-2». 12.30 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 14.00, 20.00 Т/Х «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ». 16.00, 22.00 Т/С «МАЖОР». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «ЖАҢЫРЛЫ ҒҰМЫР». 00.00 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕПІ QAZYNA. 07.00 ТАМАША. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 М/ф. 11.20 М/ф «ФИШ И ЧИПС». 12.00 «ДРУГОЙ МИР-2: ЭВОЛЮЦИЯ», Х/ф. 14.00 АЛҒАШҚЫ. 15.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 19.00 КОНЦЕРТ. 21.00 «ОБЛАСТИ ТЬМЫ», Х/ф. 23.00 «ЖИЗНЬ ПОСЛЕ», Х/ф. 00.50 ӘСЕМ ӘНДЕР. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕПІ QAZYNA. 07.00 «БІЛЕ». 09.00 М/ф. 10.20 М/ф «КОТ ПОД ПРИКРЫТИЕМ». 11.50 М/ф «ФИШ И ЧИПС». 12.00 «ОБЛАСТИ ТЬМЫ», Х/ф. 14.00 КОНЦЕРТ. 16.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-4». 19.00 АЛҒАШҚЫ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 «ДРУГОЙ МИР: ЭВОЛЮЦИЯ», Х/ф. 23.00 «ИГРОМАНКА», Х/ф. 01.30 ӘСЕМ ӘНДЕР. 01.30 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 18 тамыз	Сейсенбі, 19 тамыз	Сәрсенбі, 20 тамыз	Бейсенбі, 21 тамыз	Жұма, 22 тамыз	Сенбі, 23 тамыз	Жексенбі, 24 тамыз
ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ	ТВ ЕВРАЗИЯ
06.00, 02.25 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 Т/С «ТЕОРИЯ НЕВЕРОЯТНОСТИ». 14.10, 02.05 НОВОСТИ. 14.20, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ВМЕСТО НЕЕ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.30 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 02.25 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ДОКТОР ПРЕОБРАЖЕНСКИЙ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.05 НОВОСТИ. 14.20, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ВМЕСТО НЕЕ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.30 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 02.25 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ДОКТОР ПРЕОБРАЖЕНСКИЙ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.05 НОВОСТИ. 14.20, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ГОСПОДА ОФИЦЕРЫ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.30 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 02.25 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ДОКТОР ПРЕОБРАЖЕНСКИЙ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.05 НОВОСТИ. 14.20, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.05 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ГОСПОДА ОФИЦЕРЫ». 01.00 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.30 ЕҢ АЛҒАШҚЫ.	06.00, 02.40, 03.55 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.55 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «ДОКТОР ПРЕОБРАЖЕНСКИЙ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.10, 02.10 НОВОСТИ. 14.20, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПОЛЕ ЧУДЕС. 21.50 «СИННИЧКА», Х/ф.	06.00, 03.15 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.00, 02.25 «П@УТИНА». 08.50 «СИННИЧКА», Х/ф. 13.30 «СТАРУШКИ В БЕГАХ. КРЫМСКИЕ КАНИКУЛЫ», Х/ф. 18.20 «НЕКРАСНВАЯ ЛЮБОВЬ», Х/ф. 20.30 «ВАЛЬКИНЫ НЕСЧАСТЬЯ», Х/ф. 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.15 ЕҢ АЛҒАШҚЫ. 07.00, 02.25 «П@УТИНА». 09.00 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.10 Т/С «ВАЛЬКИНЫ НЕСЧАСТЬЯ». 13.30 «СТАРУШКИ В БЕГАХ. КРЫМСКИЕ КАНИКУЛЫ», Х/ф. 18.20 «КУРКУЛЬ», Х/ф. 20.30 Т/С «СКАЗКИ МАЧЕХИ». 00.45 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

- Ақыл мидан қайнап шыққаны дұрыс.
Тілеуке ҚҰЛЕКЕХҰЛЫ.
- Ел сыйларлық бағаң болмаса, елге
аға болдым деме.
Әзілхан НҮРШАЙЫҚОВ.
- Маған адамның кедейлігі емес,
оның ойы мен жанының кедейлігі
қынжылтады.
Омар ХАЙЯМ.



ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ХАБАРЛАЙДЫ

МОНШАНЫҢ ПАЙДАЛАНУ
КЕЗІНДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ
ЕРЕЖЕЛЕРІ

Моншаларда өрттердің пайда болуының ең жиі себептері: өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу, пеш жабдықтарын пайдалану ережелерін бұзу, отты абайсыз пайдалану, электр жабдықтарын пайдалану ережелерін бұзу. Сондай-ақ негізгі себептердің бірі мас күйінде отты абайсыз қолдану болып табылады.



Моншаның, каминді, пешті пайдалану кезінде - өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау қажет. Монша салу немесе пеш пен каминді жобалау кезінде өрт қауіпсіздігі маңызды фактор болып табылады. Жағымсыз салдардан аулақ болу үшін ваннаның, пештің немесе каминнің құрылысы мен пайдалану ерекшеліктеріне назар аудару керек.

Моншаның ағаш, демек, жанғыш бөліктері оқшауланғанына немесе пештің ыстық бөліктері мен мұржадан едәуір қашықтықта алынғанына көз жеткізу керек. Оқшаулау үшін жанбайтын материал немесе жылу өткізгіштігі төмен материал болуы мүмкін. Пеш пен мұржаларды бақылау және жарықтарды уақтылы жөндеу қажет. Түтін арналарын жиналған күйеден үнемі тазалап отыру керек. Шатырдың құбырмен байланысы (жабынның кез-келген түрі) шатырлы болаттан жасалған түтін жағасымен

қорғалуы керек. Пештерді отынмен жағу кезіндегі өрт қауіпсіздігі және қатты отынның басқа түрлері.

Пеш жағу кезінде өрт қауіпсіздігін сақтау өте маңызды, өйткені пешпен жылытылатын үйлердегі барлық өрттердің жартысына жуығы пештер мен түтіндіктердің ақаулығынан, сондай-ақ олардың дұрыс пайдаланылмауынан болады. Ағаш шамамен 300 градус температурада жанса да, өздігінен жану тек 100 градусқа дейін қыздырылған заттармен ұзақ уақыт байланыста болуы мүмкін. Нәтижесінде, еден аралық және шатыр үй-жайлары арқылы түтін құбырларының өту орындарына ерекше назар аудару қажет.

Өрттің алдын алудың негізгі талабы - гимараттың барлық ағаш бөліктері пеш пен мұржадан жеткілікті қашықтықта болуы керек немесе олардан жақсы оқшауланған болуы керек, ол үшін кірпіш, асбест немесе саз ерітіндісімен сіндірілген киіз қолданылады.

Еденді өрттен қорғау үшін оттықтан кездейсоқ түсіп кеткен көмірден, пеш есіктерінің алдына шатыр темір парағы төселеді. Шатырдағы көтергіш сазды ерітіндімен қапталған және кептіруден кейін ағартылған. Бұл ақ фонда көтергіштің ақауларын анықтауды жеңілдету үшін қажет.

Есіңізде болсын, өрт қауіпсіздігінің барлық нормалары мен ережелері адам өмірімен жазылған және осы нормалардың кез келген бұзылуы ерте ме, кеш пе қайғыға әкелуі мүмкін.

ӨЗІҢІЗДІ ЖӘНЕ ЖАҚЫНДАРЫҢЫЗДЫ ҚОРҒАҢЫЗ!

Өрт шыққан жағдайда 101, 112 телефонына қоңырау шалыңыз!

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

ЦИФРЛАНДЫРУ

STARLINK СПУТНИКТИК ИНТЕРНЕТ
ҚЫЗМЕТТЕРІН ІСКЕ ҚОСТЫ

2025 жылғы 13 тамыздан бастап Starlink компаниясы Қазақстан Республикасының аумағында спутниктік интернет қызметтерін ресми түрде ұсына бастады. Бұл еліміздің тұрғындарына SpaceX компаниясына тиесілі төмен орбиталы Starlink спутниктері желісі арқылы жоғары жылдамдықты және сенімді интернетке қосылуға мүмкіндік береді.

2025 жылғы 12 маусымда Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Starlink компаниясы қызмет көрсету барысында Қазақстан заңнамасын толық сақтау жөнінде келісімге қол қойды. Бұл келісім ақпараттық қауіпсіздік пен байланыс саласындағы барлық талаптарды орындауды қамтиды.

Starlink технологиясы шалғай және

қолжетімділігі қиын аймақтарда тұрақты интернет қосылуын қамтамасыз етіп, халыққа заманауи цифрлық сервистерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Тарифтер, қосылу шарттары және қосымша ақпарат SpaceX компаниясының ресми сайтында жарияланды: <https://www.starlink.com/>

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің баспасөз қызметі.



ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

АЛАЯҚТАРДАН ӨЗІҢІЗДІ ҚОРҒАҢЫЗ



Өзіңізді алаяқтардан қорғау үшін eGov mobile мобильді қолбандасы арқылы «Банктік қарыздар мен шағын несиелерді алудан ерікті түрде бас тарту» қызметіне қосылуыңызға болады.

Сізге қатысты алаяқтық жасалған жағдайда шұғыл түрде 102 телефонына хабарласыңыз.

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ
БЕЛГІЛЕРІ

1. ҮЗКІЛЕТТІ ОРГАННЫҢ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДА АҚША ҚАРАЖАТЫН ТARTU ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ҰЙЫМНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ДАЛ АЙҚЫНДАУ ҮШІН БЕРІЛГЕН ЛИЦЕНЗИЯСЫНЫҢ БОЛМАУЫ
2. ҚАЗІРГІ НАРЫҚТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕН БІРНеше ЕСЕ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ АСА ЖОҒАРЫ КІРІСТІЛІК ТУРАЛЫ УАДЕ
3. ЖАҢА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ TARTU ҮШІН ҚАРАЖАТ ТӨЛЕУ
4. «ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ» ЖОБАЛАРҒА САЛҒАН КЕЗДЕ КІРІСТІЛІК АЛУҒА КЕПІЛДІК БЕРУ
5. БАҚ-ТА, ИНТЕРНЕТТЕ ЖАЛПАЙ ЖАРНАМАЛАУ
6. ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ, ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҢ БОЛМАУЫ
7. ЕСЕПТІЛІКТІҢ БОЛМАУЫ, АКТИВТЕР МЕН ИНВЕСТИЦИЯЛАУ БАҒИТТАРЫНЫҢ АЙҚЫН ЕМЕС ҚҰРЫЛЫМЫ
8. МЕНШІКТІ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫҢ, БАСҚА ДА ҚЫМБАТ АКТИВТЕРДІҢ БОЛМАУЫ ЖӘНЕ БАСҚАЛАР



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Солтүстік Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Булаев орман шаруашылығы» КММ-сі Солтүстік Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Булаев орман шаруашылығы» КММ орманды санитарлық кесу жобасына ҚОҒТ бөлімін жария талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жобалық құжаттама пакетімен біріңғай экологиялық порталда <https://ecportal.kz/> танысуға болады.

Барлық ескертүүлەر және/немесе ұсыныстар 2025 жылдың 22 тамызынан бастап 10 жұмыс күні ішінде қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертүүлер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Жоспарланған қызметтің бастама-

шысы – Солтүстік Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Булаев орман шаруашылығы» КММ-сі, СҚО, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Пушкин көшесі, 19. БСН 000440003523. Тел: 87153121762.

Жобалық құжаттама әзірлеуші «Экологический проектный центр» ЖШС тел. 8-7152-377905, электронды поштасы tooerc@mail.ru.

Қосымша ақпаратты жобалық құжаттама әзірлеуші «Экологический проектный центр» ЖШС тел. 8-7152-377905, электронды поштасы tooerc@mail.ru алуға болады.

Әзірлеушілер деректері: «Экологический проектный центр» ЖШС, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Жамбыл көшесі, 156. БСН 160940027124. Тел.: 8-7152-377905, электрондық поштасы tooerc@mail.ru.

Директор - бас редактор
Неля ГОИЧАР

Газеттің мәтінгік несі:
«Газета «Весты» ЖШС»

Редакцияның мекен-жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баия көшесі, 13 үй.
Тел: 2-17-49.
Баспадан индекс 65360
e-mail: magzhan.zhulidzi@yandex.kz

Газет аптасына
1 рет бейсенбі күні
шығады

«Magjan zhuldyz» газеті
редакцияда терісін беттелді.
«Северный Казахстан»
баспаханасында басылды.
(Петропавл к.с., Коммуна к.с., 5 үй).
Таралымы - 600

Газет аудан әкімінің, аудандық мәжілістің тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік акпараттық саясатты жүргізудегі ресми баспадан табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнамадың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция мәқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәқаралары жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады